

Невада-Семей ҚОЗҒАЛЫСЫ



АНТИЯДЕРНОЕ ДВИЖЕНИЕ
НЕВА ДА - СЕМИПАЛАТИНСК

Невада-Семей, ядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалыс – қоғамдық-саяси ұйым. 1989 жылы 26 ақпанда құрылып, қазан айында ресми тіркелді. Республика халқынан кеңінен қолдау тапқан қозғалыс ядролық жарылыстарға қарсылық білдіріп, әлемдегі ядролық қауіпті жоюды мақсат етті, Семей ядролық полигонында ядролық сынақтарды тоқтатуға қол жеткізді. **Қазақстанның** көптеген қалалары мен аймақтарында, сондай-ақ Ресей, АҚШ, **Италия, Жапония, Түркия**, т.б. елдерде ұйымның бөлімшелері құрылған. Қозғалыстың белсенді қызметінің арқасында **БҰҰ** БА-ның 53-сессиясы “**Қазақстандағы Семей** өңірі адамдары денсаулығы мен экологиясын сауықтыру және экономикасын дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен іс-қимылды үйлестіру” қарарын қабылдады

“НЕВАДА-СЕМЕЙ”

БІЗДІҢ САПҚА ҚОСЫПЫҢЫЗДАР, ЖОЛДАСТАР!



Сонау 1949 жылдың 29 тамызында қуаты 20 килотондық алғашқы атом бомбасы Семей облысында жарылып, сынақтан өтті. Ашықтан ашық жер бетіндегі бұл жарылыстан орта есеппен 900 мыңдай адам 100-250 рентген мөлшерінде радиация қабылдаған болса, одан кейінгі 1963 жылдар аралығында аса қуатты бомбалардың жарылысынан 2 миллионнан аса жазықсыз халық 300-350, 400 рентген мөлшерінде радиация қабылдаған. Бұдан кейінгі 25 жыл жер асты жарылысынан адамдар түрлі ауруларға ұшырап, сол сырқаттың қасіретін әлі де арқалаумен келеді. Бұл сырқаттардың тұқым қуалайтындығы ғылыми негізде дәлелденді. Демек, қасіреті 300 жылға дейін созылуы мүмкін екен. Кім біледі, осылай жалғаса берер ме еді, егер де 1989 жылы бүкіл халық болып КСРО әскери күштері өнеркәсібінің бұл озбырлығына қарсы шықпағанда.




-
- 1949 жылы 29 тамызда азанғы сағат 7-де жерден 38 метр биіктікте қуаты 20 килотонн бомба жарылды.
 - 1953 жылы 12 тамызда осы полигонда дүние жүзінде бірінші болып қуаты 400 килотонн термоядролық бомба сынақтан өтті.
 - 1955 жылдың 22 қарашасында сутегі бомбасы сыналды.
 - Семейден 120 шақырым жерде 1949-1989 жылдар аралығында 498 ядролық сынақ өткен екен. Оның 88-і ауада, 30-ы жер бетінде, 340-ы жер астында жарылған. Соңғысының қуаты 1,5 мегатонн мөлшерінде болған.

1989 жылы 28 ақпан күні Алматы теледидарындағы кешкі жаңалықты үзіп, оның орнына ақын, мемлекет қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов Семей ядролық сынақ полигонын жабу мақсатында халықты қозғалысқа бірлесуге шақырды. Бұл қозғалыстың аты Халықаралық ядролық апатқа қарсы «Невада-Семей» деп аталды. Халықаралық қоғамдық ұйымдардың ортақ мүддесі адамзатты, қоршаған ортаны ядролық сынақтан құтқарып қалу еді. Американың Невада штатындағы, Ресейдің Жаңажер аралығындағы, Францияның Мороруадағы және Қытайдың Лобнор өзені жанында орналасқан полигондардың үні өшті. Осы жетістіктің нәтижесінде 1991 жылы 29 тамызда ҚР Президенті Н.Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» №409 Жарлыққа қол қойды.





-
- 40 жыл бойы полигонда жасалған сынақтардың зардабы өте ауыр болды. Жүздеген әуе, жерүсті, жерасты жарылыстарының салдарынан Семей аймағы аса үлкен экологиялық апатты өңірге айналды. Сынақтардың зардабы тиген территорияның ауданы 304 000 шаршы шақырымға жетті. Радиациялық сәулеленуге ұшыраған халықтың саны 1 миллионнан асты. Соның ішінде аса көп зардап шеккен Абай мен Абыралы аудандарының территориясы болды.



- 1989 жылы 12 ақпанда кезекті жоспарлы ядролық сынақ өткізді. Үңгірлердің бірінде қуаты 70 килотоннадан астам ядролық заряд жарылды. Содан пайда болған радиоактивті бұлт 30 мыңнан астам адам тұратын аумақты бүркеді. Бұл аймақта радиациялық фон 3000-4000 микрорентгенге жетті. Бұл көрсеткіш қалыпты жағдайда сағатына 15-20 микрорентген болатын табиғи радиациялық фоннан екі жүз есе асып түсті.



Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруды сынау адамдардың денсаулығына және айналадағы табиғи ортаға орны толмас зиян келтірді, халықтың жалпы аурулары мен өлімін көбейтті. Бүкіл Семей аумағы мен Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға жақын жатқан аудандары экологиялық апат аймағы деп танылды.

Ядролық сынақтардың апатты зардабының қатерлі әсері уақыт озған сайын күшейе түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа, ауысып, барған сайын қатерлі әсер етуде.

Бұл зардаптарды жою халықты емдеу, сауықтыру, оңалту, әлеуметтік қорғау және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды талап етеді.



Бейнеқор

24/7

«Невада - Семей» қозғалысына 25 жыл

И. Махаббаев, А. Қасымжанов, С. Пронин, С. Мухометов, В. Давыдов, А. Д. Қамалов



Қошаған ортамызды сақтайық!

